

5. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 175 б./.
6. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 179 б./.
7. /Қасқабасов С. Миф пен эпсананың тарихилығы. /Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым. – 1993. – 82 б./.
8. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. /Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 91 б.
9. Абылай хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). – Алматы: Ғылым, 1993. – 9-10 бб.
10. А.Сейдімбек. Шығ., Т – 5. 478 б.

**Аканова Мадина Бекболатовна**

«Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК, 3-курс студенті  
[akanova.madina06@mail.ru](mailto:akanova.madina06@mail.ru)

## **ӘДЕБИЕТ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ**

*Ғылыми жетекші:*

*Муханова Гүлден Тұңғышбайқызы*

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде функционалды сауатты тұлға қалыптастыруға және оның кәсіби шыңдалуына бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Осы бағытта оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, ұтымды әдістерді тиімді пайдалана білу – маңызды мәселелердің бірі. Әрине, соңғы кездерде түрлі шетелдік ақпараттық коммуникативтік технологиялар (АКТ) өмірімізге, оның ішінде білім беру жүйесіне де көптеп енуде. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытуда түрлі әдістер мен тәсілдер білім сапасын арттырумен қоса, оқушының жан-жақты дамуына, сыни көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Дегенмен, әдебиетті оқытуда отандық, төл технологияларды қолдануды да естен шығармағанымыз жөн. Атап айтқанда, Қ.Бітібаева, Н. Оразақынованың әдебиетті оқытудағы әдіс-тәсілдері өзінің өзектілігі мен маңызын жоймаған технологиялар екендігі анық. Егер технологияларды басқалардан алуға ғана сүйенетін болсақ, біз өзіміздің ұлттық құндылығымыз бен әдебиетімізді, тіліміз бен тарихымызды тұмшалап, технологиялық және ғылыми тұрғыда басқа дамыған елдерге тәуелділікте боламыз. Сондықтан да тіл мен әдебиет сабақтарында ұлттық болмыс пен мәдениетімізді сақтай отырып, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеуде дұрыс бағытты айқындай алғанымыз жөн. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында, сондай-ақ, республика көлемінде басқа да пәндерді оқытуда қолданылып жүрген төл технологиялардың бірі – сатылай кешенді талдау технологиясына тоқтала отырып, оның білімді жүйелі, жан-жақты берудегі артықшылығы мен тиімділігін көрсету жұмысымыздың мақсаты болып табылады.

Соңғы жылдары отандық педагогикалық инновация ретінде Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» (СКТ) технологиясы білім беру саласына берік енген. Ол – білімді тек қана бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен шектелмей, баланың жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімін арттыруға бағытталған оқытудың түрі [1; 7].

Бұл ұлттық инновация бірнеше білім беру ұйымдарында қолданылып, бүгінде он шақты пән осы жүйемен оқытылып келеді. Басында қазақ тілі мен әдебиетін кешенді оқытуда қолданылған әдіс, кейіннен ағылшын тілі мен орыс тілін, математика, физика, химия, биология, тарих пәндерін оқытуда да өз тиімділігін көрсетуде.

Бұл технологияның өзегіне Алаш зиялыларының педагогикалық идеялары негіз болып табылған. Нақтырақ айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы кез келген білімді меңгерту үшін алдымен тиімді, керек әдісті таба біліп, сол әдісті дұрыс қолдану керек десе, Жүсіпбек Аймауытұлының тақырыпты жалаң емес, кешенді, яғни комплексті түрде игерту туралы идеясы бүгінгі күні де өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Сондықтан, білім алушыларымызға сапалы, ұлттық сипатта заманауи білім береміз десек, ең алдымен Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына бір қағидасын бұлжытпай орындауға міндеттіміз: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» [1;3]. Сондықтан да қазіргі білім беруде тиісті әдіс-тәсілдерді тандай білу және орнымен дұрыс қолдану мұғалімнің шеберлігі мен біліктілігін көрсететіні анық. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі психология, педагогика ғылымдарының қағидаларымен, тәрбиелеу жөніндегі ой-тұжырымдарымен және әртүрлі пәндердің теориялық негіздерімен тығыз байланысты.

**«Сатылай кешенді талдау» технологиясы** дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. «Сатылай кешенді талдау» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту [2;5].

Сатылай кешенді талдауда ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас келесі қағидаларға негізделеді: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды үздік, орташа, нашар деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай әртүрлі деңгейге икемдеп, барлық оқушының дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

**«Сатылай кешенді талдау» технологиясының мақсаты** – қазақ тілінде ойын жеткізе алатын, өз ана тілінде қазақтың тарихы мен мәдениетін, әдебиетін меңгерген, жан-жақты, білімді тұлға қалыптастыру.

**«Сатылай кешенді талдау» технологиясымен жұмыс жүргізу төмендегідей он түрлі проблеманы шешуге мүмкіндік береді:**

1. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынасты жаңаша құруға, олардың бірігіп шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал етеді;

2. «Сатылай кешенді талдау» технологиясын енгізу арқылы барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызылады, әр баланың даму жолында жұмыс жүргізіледі;

3. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы басқа технологиялармен жақсы үйлесім табады;

4. Жоғары қиындықта оқыту – «Сатылай кешенді талдау» технологиясының басты қағидаларының бірі. Соған байланысты бұл технология мемлекеттік білім стандартының толық меңгерілуіне кепілдік береді;

5. Оқыту тиімділігін арттыруда «Сатылай кешенді талдау» технологиясының мүмкіндігі мол, өйткені бұл технологияның әдістері, тәсілдері, құралдары, оқыту ұйымдастыру формалары өте тиімді;

6. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы – баланың білімді өз бетімен ізденуі арқылы меңгеруіне қолайлы жағдай туғызады;

7. Оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, танымдық қабілетін, логикалық ойлауын арттыруда «Сатылай кешенді талдау» технологиясының рөлі зор;

8. Баланың талап-тілегін, сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруда «Сатылай кешенді талдау» технологиясының берері көп;

9. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы – мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытудың құралы. Осы технологияны қолдану, іс-тәжірибеге енгізу арқылы мұғалім шығармашылық ізденіске қол жеткізеді;

10. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыруға ықпал етіп, зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқушыларға септігін тигізеді [4].

**Бұл технология дидактиканың мынадай ұстанымдарына сүйенеді:**

1. Тұлғалық құрылымға бағдарлануына қарай – өзін-өзі дамыту;
2. Қолдану деңгейіне қарай – жеке пәндік;
3. Ұйымдастыру формасына қарай – сыныптық-сабақтық, топтық, ұжымдық оқыту;
4. Балаға қатынас амалына қарай – тұлғаға бағытталған, ынтымақтастық педагогикасы, еркін тәрбие;
5. Басымдық танытатын әдісіне қарай – дамыта оқыту, ізденушілік, өздігінен дамыта оқыту, шығармашылық, диалогтік, ойындық.

Бұл технология алғашқыда қазақ тілі пәнінде қолданып келсе, одан кейін өзге пәндерде, соның ішінде әдебиет сабақтарында жиі қолданылуда. Өйткені бұл әдіс – оқушылардың өткен сыныптарда алған білімдерін ұмытпай, жаңартып отыратын, тіл дамыту жұмыстарын күн сайын өздігінен жүргізіп отыратын және тіліміздің қатпарлы қыры мен сырын, көркемдігі мен байлығын анықтайтын технология.

СКТ материалды терең меңгерумен қатар тартымды, жүйелі сөйлеуге, сөйлеудің мазмұнды, нақты болуына, сөз байлығы мен көркемдегіш құралдарына, сөйлеген сөздің әсерлілігіне, мәдениеттілігіне баса назар аударуға үйретеді. Қазақ тілі сабақтарында білім алушы білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі меңгеріп, тіл салаларына фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік талдау жасауды үйренсе, әдебиет сабақтарында автор жайлы мәліметтен бастап, шығарманың тақырыбы мен идеясын, жанры мен композициясын, образдар жүйесі мен көркемдегіш құралдарын, тілін, тәрбиелік мәнін анықтай алады, талдайды, өзіндік түйін жасайды.

Көркем шығарма – тәрбиенің басты құралы. СКТ технологиясында тәрбие мен білім қатар жүргізіліп отырылады. Жан-жақты талдау арқылы оқушы нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізеді. Оны мектепте өткен байқау практикасында 6-сыныпта қазақ әдебиеті сабағын өткізу барысында жасаған төмендегі СКТ көруге болады. Поэзиялық шығарманы талдау барысында өлеңнің құрылысын талдауға: шумақ, тармақ, бунақ, буын саны және ұйқас түрлерін меңгеруге, сондай-ақ шығармадағы көркем сөздердің қолданысын анықтауға машықтанса, прозалық шығарманы талдау барысында композициялық талдауды, кейіпкерлер бейнесін ашуды меңгереді. Сонымен қатар талдау соңында өзіндік сыни пікір білдіріп, қорытынды түйін жасауға үйренеді.

**Сұлтанмахмұт Торайғыров “Шәкірт ойы” өлеңіне СКТ**

1. **Авторы** – Сұлтанмахмұт Торайғыров (28 қазан 1893, қазіргі Қызылту ауданы, Көкшетау облысы, 21 мамыр 1920 ж., Баянауыл ауданы, Павлодар облысы), ақын, ағартушы-демократ.

2. **Тақырыбы** – шәкірт баланың асқақ арманы, ойы

3. **Жанр түрі** – поэзия (өлең)

4. **Идеясы** – халқын қараңғылықтан алып шығып, өзге елдермен теңестіру.

5. **Шумақ** – 3

6. **Тармақ** – 12

7. **Бунақ** – 2

8. **Буын саны** – 8

9. **Ұйқас** – шалыс ұйқас (абаб)

Қараңғы қазақ көгіне, а  
Өрмелеп шығып, күн болам! б  
Қараңғылықтың кегіне, а  
Күн болмағанда, кім болам? б

#### **10.Әдеби-теориялық ұғымдар:**

**Эпитет:** мұздаған ел, қараңғы қазақ

**Метафора:** мұздаған елдің жүрегін, Жылытуға мен кіремін.

**Кейіптеу:** Қыздырып күннің қарауы.

**Риторикалық сұрау:** Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда, кім болам?

#### **11.Түсіндірме сөздік:**

**Бейнет** – азап, мехнат, машақат;

**Рақат** – керемет, ғажап, ғанибет деген мағынада;

**Сарқылу** – ақтарылу, барын салу.

**12.Тәрбиелік мәні** – өз еліне адал қызмет ету.

### **Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесіне СКТ**

**I. Авторы** – Қалмақан Әбдіқадыров (15.04.1901 - 30.04.1964, қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Шиелі кенті) ақын, жазушы, аудармашы.

**II. Тақырыбы** – қазақ халқының тұңғыш кәсіпқой балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірінен жазылған өмірбаян.

**III. Тек** – эпос

**IV. Жанр** – орта көлемді эпикалық түр, повесть.

**V. Идеясы** – Мұқанның қарапайым адамнан әлем таныған палуан болуы жолындағы талпынысын көрсету.

#### **VI. Шығарманың композициялық құрылысы**

**Басталуы:** Мұқанның саудагер Иван Ногичке жолданып жұмыс жасауы;

**Байланысуы:** Орлий Масликовтың үйіне жалшылыққа тұруы;

**Дамуы:** Мұқанның төбедей болып шөп үйілген шананы қораға атсыз сүйреп кіруі;

**Шиеленісуі:** Иван Лебедевтің мектебінен дәріс алуы;

**Шарықтау шегі:** Мұқанның ең жақын досына айналған Дубный;

**Шешімі:** Париж сахнасында өнерін көрсетіп, құрметке бөленуі.

#### **VII. Шығармадағы кейіпкерлер бейнесі**

**Жағымды:** Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Иван Ногич, Иван Лебедев, Дубный.

**Жағымсыз:** Орлий Масликов.

#### **VIII. Әдеби-теориялық ұғымдар**

**Теңеу:** шелектей, арыстандай, алпамсадай, түндіктей, шөптей, темірдей, мысықтай.

**Гипербола:** үйдей үлкен өгізбен сүзісіп.

**Литота:** еріксізден ұлыған иттей шоңқайтып отырғызып кетті. Екі пұттық кір тастың бесеуін шар қылып ойнатқан балуан болды.

**Дисфемизм:** иттің баласы, мына шошқаға акт жасасын.

**Қорытынды түйін:** повесть жеңіл, жатық тілмен, тартымды сюжеттермен, тарихи деректермен елдің ыстық ықыласына бөленген. Қажымұқан бейнесі арқылы қарапайым, еңбексүйгіш, төзімді адамның жеткен жеңісі ұрпаққа үлгі әрі өнеге.

**Практикада СКТ технологиясын қолдану барысында бұл технологияның төмендегідей тиімді тұстары байқалды:**

- оқушылардың жүйелі талдау жасауға деген қызығушылығының артуы;
- әдеби-теориялық ұғымдарды жетік меңгеруі;
- сөздікпен жұмыс жасау;
- прозалық шығармаларды талдау ерекшелігі;
- поэзиялық шығармаларды талдау ерекшелігі;

- өзіндік түйін жасап, сыни пікір білдіре алуы;
- тақырып бойынша толық, жүйелі білімнің болуы.

Қорытындылай келе, білім алушылардың тақырыпты және теориялық материалды жан-жақты жете меңгеріп, тиянақты талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әрі сыни тұрғыдан терең ойлау мен пікір білдіруіне зор ықпалын тигізетін бұл технологияның маңызы мен тиімділігі зор. Автор, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразахынова Нұрша Алжанбайқызы айтқандай: «Сатылай кешенді талдау – ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп, күнделікті өмірде қолдану аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту».

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Оразахынова «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі (Әдістемелік құрал), Астана, 2015.
2. Ф.Ш. Оразбаева, Н.А.Оразахынова «Фонетикалық бірліктерді сатылай кешенді талдау» Оқу құралы, Алматы, 2011.
3. Қазақ әдебиеті (С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова), 6-сынып.
4. <https://alashaqparat.kz/9-109/>

#### Нұрлан Гауһартас Нұрланқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[n.gauhartas@mail.ru](mailto:n.gauhartas@mail.ru)

*Ғылыми жетекші:  
ф.ғ.к., қауым. профессор Такиров С.У.*

#### АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТҰРСЫНЖАН ШАПАЙ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтану ғылымы осы уақытқа дейін ғалымдар назарынан тыс қалып көрмеген. Қазақ әдебиетінде, оның ішінде қазақ поэзиясының шырқау биігінен орын алған Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдап тауысу мүмкін бола қоймас. Себебі әр зерттеуші-ғалым, саралау үстінде өзінше бір жаңа ой, өзгеше көзқарас, көркемдік ерекшелік анықтайды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Абай шығармашылығы туралы тың ойлар айтыла бастады. Сондай жаңа көзқарастың, ерекше әдеби сын жазу үлгісінің иесі – Тұрсынжан Шапай. Т.Шапайдың «Ой түбінде жатқан сөз», «Шын жүрек – бір жүрек», «Қазақтың жаны» деген еңбектері жарық көрді. 2001 жылы «Шын жүрек – бір жүрек» атты кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазіргі қазақ лирикасы, лирикалық тұлға және абайтану мәселелерін жазған. Жүзден астам ғылыми, әдеби және публицистикалық мақалалар авторы.

Әдеби сыны мықты әдебиет – ұлы әдебиет. Ал сол сынды орынды әрі дәлме-дәл айта білу – үлкен шеберлік пен терең ойшылдықты талап етеді. Тұрсынжан Шапайдың сыны бұрынғы үйреншікті кемшілігі мен басым тұстарын анықтап, талдап беретін сындарға қарағанда мүлде өзгеше екендігін бірден аңғаруға болады. Сыншының ой иірімі мен сөз саптауы, жазу стилі мен ойлау жүйесі шығармашылығымен, зерттеу еңбектерімен жаңа танысқан адамды таңдандырмай қоймайды. Бұл жайында белгілі зерттеуші, абайтанушы Т.Жұртбай: «...Тұрсынжанның жазған әдеби-сыни мақалаларын сын деп қабылдай алмайсың. Ол – Тұрсынжанның өзінің мына әдебиетке, өнерге, қоғамға деген көзқарасын білдіретін төл туындысы. Жай көзқарас емес, көркем көзқарас», – деп пікір білдіреді. Сыншының әдеби сын жазудағы шеберлігін: «Тұрсынжан сонау жыраулар әдебиетіндегі поэзияны талдасын, бүгінгі күнгі лириканы талдасын, оның түбінде ой жатады. Және сол көркем шығарманың, өлеңнің астарын дәл табады», - деп жазады [1].

Қазіргі таңдағы абайтану ғылымына сүбелі үлес қосқан Т.Шапайдың құнды еңбегі - «Шын жүрек – бір жүрек» кітабы. Кейін бұл еңбек «Анық Абай» атауымен қайта басылып